

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 103 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар тұрақты ағаш тұқымы базасын қалыптастыру және Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру бөлігінде ормандарды молықтыру мен орман өсіру; авиациямен патрульдеу және аэрокөрініспен орманды патологиялық қадағалау бөлігінде ормандарды қорғау; орман шаруашылығын жүргізу тиімділігін арттыру, орман шаруашылығында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру және орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және санын есепке алу үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар 2007 жылға арналған жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т е р т і п п е н :

1) қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын бөлінген ақша қаражатын оңтайлы және тиімді пайдалану қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4 - т а р м а қ т а р ы н о р ы н д а у д ы ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 13 ақпандағы  
N 103 қаулысына

қосымша

**Тұрақты ағаш тұқымы базасын қалыптастыру және Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру бөлігінде ормандарды молықтыру мен орман өсіру; авиациямен**

патрульдеу және аэрокөрініспен орманды патологиялық қадағалау бөлігінде ормандарды қорғау; орман шаруашылығын жүргізу тиімділігін арттыру, орман шаруашылығында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру және орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар 2007 жылға арналған жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілердің тізбесі

P/c N	Берушінің атауы	Орналасқан жері	Атауы
1	2	3	4
1	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ ормандары авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет ететін базасы" РМҚК	Алматы қ.	Авиациямен патрульдеу және аэрокөрініспен орманды патологиялық қадағалау
2	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Жасыл аймақ" РМК	Астана қ.	Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру
3	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Орман шаруашылығын жобалау жөніндегі қазақ мемлекеттік жобалау-іздірету институты" РМК	Алматы қ.	2006 жылдың іздестіру жөніндегі камералдық жобалау жұмыстарын және Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру жөніндегі жана далалық іздестіру жұмыстарын жүргізу Қарқаралы және Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің ормандарын өртке қарсы жайластырудың жұмыс жобаларын әзірлеу
4	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК	Алматы қ.	Орман орналастыру жұмыстары, орман қорын есепке алу
5	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алматы орман селекциялық орталығы" РМҚК	Алматы қ.	Оңтүстік өңір (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары) бойынша тұрақты орман тұқымы базасын қалыптастыру
6	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау орман селекциялық орталығы" РМҚК	Щучинск қ.	Солтүстік өңір шаруашылығы комитетінің (Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары) бойынша тұрақты орман тұқымы базасын қалыптастыру
7	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Охотзоопром" ӨБ" РМҚК	Алматы қ.	Киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғау, қалпына келтіру және санын есепке алу

Е с к е р т п е :

Аббревиатуралардың

толық

жазылуы:

ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

РМҚК - республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын  
РМК - республикалық мемлекеттік кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК